



ХҒТАР 02.15.61

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-268-287>

«Құпия шежіре» – Орталық Азия көшпелілерінің мәдени мұрасы

Сайра Шамахай^{*1}, Бауыржан Божбанбаев², Манифа Саркулова³

^{*1,3} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

² Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: Копрепонденция үшін автор: ^{*1}sh.saira@mail.ru, ²bbozhbanbaev@mail.ru, ³manifa.s@mail.ru).

Аңдатпа. Мақалада XIII ғасырда жазылған «Құпия шежіренің» Орталық Азия халықтарының рухани мәдениетінде алатын орны, бүгінгі күнге жету жолы, өзіне дейінгі және кейінгі сабақтастығы негізінде маңызды тұжырым жасалды. «Құпия шежіре» әлемге аты әйгілі билеуші Шыңғыс ханның VIII ғасырдан бергі ата-тек шежіресі мен өз дәуірінің тарихи оқиғалары өзінің нұсқауымен қағазға түсе бастап, 1240 жылы тақ мұрагері Өгедей ханның тұсында аяқталған. Шежіре ортағасырлық көшпелі түркілер тарихында орын алған мәдени, рухани, әлеуметтік, саяси құбылыстар, олардың дүниетанымы, ру аралық қатынастары мен ел билеген тұлғалары туралы мәліметтерді қамтуымен құнды.

Мақалада «Құпия шежіре» мәтініндегі ішкі байланыс, контекстік элементтер, шежіренің қайнар көзі болған түркі халықтарының дастан, тарихи құжаттармен байланысы талданды. «Құпия шежіредегі» генотеизмге, бастапқы ата-тек Бөрте-Чиноның түркі халықтарының ортағасырлық тарихындағы Бөрте-Шене тұлғаларына аналогиялық тұжырым жасалды. Шежіредегі бастапқы негізгі мәліметтер Шыңғыс хан дәуірінен кейін тақ мұрагерлері арқылы тарап, олардың Орталық Азияның әр тұсында билік еткен жерлерінде мазмұн, мотивтері ұқсас көптеген шежірелердің тууына ықпал еткенін көрсетеді. Сондықтан да бұл мақалада «Құпия шежіренің» өзіне дейінгі Ұлы Далада өмір сүрген түркілердің рухани мұраларымен сабақтастығы мен кейінгі шежірелерге ықпалы зерделене отырып «Құпия шежіре» Орталық Азия халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде бағаланады.

Зерттеу нәтижелері Орталық Азияның мәдени мұрасын сақтау контекстінде «Құпия шежірені» түбегейлі зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Мақала қазақтың мәдени мозаикалық ландшафтын қалыптастырудағы «Құпия шежіренің» рөлін ескере отырып, бұл шежірені түпнұсқалық тұрғыда терең талдауға шақырады.

Түйін сөздер: Құпия шежіре; генотеизм; түркілер; тұлға; мәдени мұра; сабақтастық.

Received 19.03.2024. Revised 26.03.2024. Accepted 12.05.2024. Available online 30.06.2024.

For citation:

Shamakhay S., Bozhbanbaev B.M., Sarkulova M.S. «The Secret History» – the cultural heritage of the nomads of Central Asia // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. – Vol. 147. – No. 2. – p. 268-287. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-268-287>

Для цитирования:

Шамахай С., Божбанбаев Б.М., Саркулова М.С. «Сокровенное Сказание» – культурное наследие кочевников Средней Азии // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2024. – Т. 147. – №. 2. – С. 268-287. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-268-287>

Кіріспе

Орталық Азияны мекендеген көшпелі түркі-моңғол тайпалардың рухани, мәдени құбылысын уақыт және кеңістік тұрғысынан қарастырар болсақ, олардың Еуразия даласында ғасырлар бойы тұрақтану, өмір сүру барысында өз дүниетанымын қалыптастырып, уақыт пен кеңістікті игеруде, жазба мәдениетін қалыптастыруда ортақ үлгілер жасағандығын көреміз. Сол ортақ үлгілердің бірі – шежіре, шежірелік үрдістің сақталуы болды.

Тарихқа үңілсек: «Еуразияның Ұлы даласының бүгінгі табиғи күйі, бітімі б.з.д. XII мың жылдықтан III мың жылдық арасында, ал көшпелі мал шаруашылығы б.з.д. XI-VIII ғасырларда қалыптасып, көшпелілердің жыл мезгіліндегі қоныстары, әрі-бері көші сараланып үлгерді» (Сейдімбек, 1993: 224) дегенді айтады. Методологиялық тұрғыдан алғанда, көшпелі болмыстың осыншама уақыт тұрақты болуы, олардың дүниетанымы мен мәдениетіне әсер етіп, соның негізінде біртұтас мәдениетін, рухани жүйесін қалыптастырды. Мәселен, Орталық Азияда Сақдәулеті (б.з.д. VII – б.з.д. II), Ғұн ұлысы (б.з.д. III – б.з. V ғ.), ақырында V-XIII ғасыр аралығында түркілер деп аталған халықтар қағанат, сұлтандық, мемлекет, империя құрып, артына өшпес із, асыл мұра қалдыра білді. Бұны ғылымда археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған түрлі материалдық бұйымдар, тарихи жазбалар, құлпытастар, ескерткіштер дәлелдейді. Орта Азияда мекендеген барша түркі халқы арасында кеңінен тараған жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, нақыл сөздер, түрлі атаулар, ұғымдар, тұрақты сөз тіркестерінің бүгінгі күнге жетуі, санадан өшпей сақталуы, күнделікті өмірде қолданылып келуі сан ғасырлық ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты білдіреді. Бұл мәдени сабақтастықтың синкреттік жәдігері ретінде шежіре үлкен роль атқарды.

«Құпия шежіре» мәтініндегі оқиғалар бүгінгі қазақ құрамындағы ірі руларының (найман, меркіт, керей, жалайыр, уақ қият, қоңырат. т.б.) мемлекет кезіндегі өзара рухани, саяси, мәдени байланыста баяндалған.

Соңғы ширек ғасырда еліміздің гуманитарлық ғылым алаңында қазақ дүниетанымы мен тарихының үстірт зерттелген тұсын қайта қарауға, жоғын түгендеуге, әсіресе, ортағасырдағы Шыңғыс хан тарихын зерттеуге қызығушылық басым. Оған «Құпия шежірені», оның негізгі кейіпкері Шыңғыс ханды немесе Шыңғыс ханнан кейінгі тақ мұрагерлерінің заманы туралы ғылыми ізденіспен жазылған құнды еңбектердің дүниеге келуі, ақпараттық-танымдық мерзімді басылымдарда, тіпті әлеуметтік желілерде түрлі сұхбаттар, ой-пікірлердің күннен күнге артуы, белгілі бір қоғамдастықтардың, сайт, порталдардың ашылуы т.б. әрекеттер дәлел бола алады.

Зерттеу әдіснамасы

Еліміздегі танымал ғалым, тарихшы Ж.О. Артықбаев шежіре туралы зерттеуінде елімізде гуманитарлық ғылым саласы бойынша шежіренің теориялық, әдістемелік қырына арналған зерттеулердің әлі толыққанды жасалмағанын айтады. Шежіренің көпке дейін ғылыми бағытта зерттелмеуінің өз себептері бар: біріншіден, оның ғылыми

факт талаптарына сәйкес келмеуі. Екіншіден, кеңестік кезеңнің отаршыл, марксизм-ленинизмнің әдістемелік ережелеріне байланысты шежіре «кертартпа, клерикалық білім» ретінде саналуы. Үшіншіден, кеңестік кезеңде шежірелік шығармалармен көбінесе фольклористер, әдебиеттанушылар айналысты. Ұлтшылдыққа жол бермеу мақсатымен басқа гуманитарлық салалардың ұлт тақырыбында зерттеу алаңын құруына қатаң шектеу қойылғандықтан мүмкіндіктер аз еді.

Егер шежірені үш деңгейлі тарихи білімнің жиынтығы десек, шежіренің бірінші деңгейіне жеті аталық ақпаратты беретін әр қазақтың үйіндегі шежірелері, екінші деңгейіне рулардың, тайпалардың тарихын құрайтын шежірелер, ал шежіренің үшінші деңгейіне тұтас мемлекет немесе хан әулеттері, тарихта маңызды орын алатын ұлы тұлғалар туралы шежірелер жатар еді (Артықбаев, 2015: 496). Олай болса, «Құпия шежірені» шежіренің үшінші деңгейіне жатқызуымызға болады.

Зерттеу әдістемесі «Құпия шежіре» мәтініндегі ішкі байланысты, контекстік элементтерді талдауды қамтиды. Неміс ойшылы Ханс-Георг Гадамер өзінің «Ақиқат және әдіс» еңбегінде мемлекетті, халықты түсініп, сол елдің қалыптасу тарихын зерделеу арқылы ақиқаттың тиімді әдісін, кілтін табамыз» – деп пайымдағанындай, гуманитарлық білім саласының зерттеу әдіснамасындағы қалыптасқан тарихи және жүйелілік принципі қолданылды. Сонымен қатар, философиялық, логикалық, аналитикалық, пәнаралық, антропологиялық, семиотикалық, жалпыдан жекеге өту, герменевтика, феноменологиялық тәсілдері арқылы «Құпия шежіре» және оның түркі халықтарының рухани мұраларымен байланысы, тұтастығы анықталады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Еуропа елдерінде Антикалық кезеңнен бері аңыздар, жырлар, ауызша тарих, мифтер, әңгімелер елдің өзіндік өткен тарихын баяндауда үлкен орын алды. Бірақ кейін жазба мәдениет толық қалыптасқаннан кейін қандай да елдің өткен тарихы міндетті түрде жазба факт талабына сәйкес мойындалатын болды. Ғылым талабы бойынша ауызша тарихты тек жазба мәдениеті болмаған халықтардың тарихын жазуда ғана ХХ ғ. ортасына дейін қолданған. Сондықтан да болар, көшпелі халықтардың тарихы, шынайы болмысы ғылымда үстірт қаралды. Ғалым Қ.Салғараұлы айтқандай: «Әлем халықтарының тарихы бастапқы кезде өркениетке ерте жеткен ежелгі халықтардың, кейін олардың эгоцентристік таным-түсініктерімен жазыла басталды. Адамзат баласын тарихи және тарихи емес халықтар деп екі топқа бөліп, біреуін «мәдениетке, өркениетке қабілеттілер», енді біреуін «жабайы, бүлдіруші, тағылар» деп тапты. Кейін «көшкінші», «отырықшы» деген термин ретінде өзгертсе де, ұғымдары өзгермеді. Бұл үрдіс көшкінші халықтардың қай-қайсысының да толыққанды тарихының шынайы жазылмауын қамтамасыз етті» (Салғараұлы, 2013: 172).

Бұл айтылғандардан түйетініміз, «Құпия шежіренің» әлем зерттеушілерінің назарын аударар алғандығының ең басты себебі тарихи оқиғалардың факт талабына сай жазбаша сақталғандығы. Сонымен қатар, шежіренің үшінші деңгейін құрайтын яғни, хан әулеттері мен жекелеген ұлы тұлғалар туралы жазылған ірі шежіре екендігі.

Шежіре сөзінің шығу тегіне үңілсек, оның көшпелі моңғол, түркі сөзінен шыққандығын байқауға болады. Сонымен қатар, бұл сөз көшпелі халықтарға ортақ ұғым дәрежесіне көтерілген. Мысалы, қалмақша «чееж», «чееджыр дасх», моңғолдарда «цээжээр» (мағынасы жатқа айту), өзге де моңғол тектес ұлттар: ұраңқай, туваша «шээжиллээр», жаттау, жадыда ұстау» мағынасын береді. Сөздің түбірі «цээж» – қазақша мағынасы кеуде, жад болып табылады. Қазақ ойшылы М-Ж. Көпейұлы: «Біздің қазақта құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, естігенін ұмытпайтұғын, ұқпа құлақ жандар болған...кеудесі хат, көргені, естігені жад болған қариялар кейінгі ұрпаққа ауызша үлгі-өсиет қалдырған» – (Көпеев, 1994: 160) деп көшпелілердің таным, түсінігіндегі адам кеудесі барша ақпарат жиылатын құбылыс екенін көрсетіледі. Ал сонау XI ғасыр түркі ойшылы Махмуд Қашқари «Диуани-лұғат-түрік» еңбегінде «сежірелерді» қолданғандығын айтқан (Қашқари, 1997: 591). Бұл айтылғандардан шежіре сөзінің түп-төркіні «кеудесінде хаты бар» делінген жатқа айтылатын ауызша тарихпен байланысты «сежіле» сөзінен туындаған.

Шежіре ұжымдық жады ретінде ата-текті айқындаумен ғана емес, өзінің синкретті рухани бай қазынасы арқылы ұрпақтан ұрпаққа сабақтастығын үзбей, өз жалғасын табатындығымен ерекшеленеді.

Қазақстандық философ Д. Раев өз еңбегінде ежелден әрбір түркілік өзінің тегін, туыстық қатынастарын, құда-жекжатын жақсы білгендіктен қай жерге бармасын өзін еркін, өз қандастарының ортасында сезініп, мыңдаған шақырым кеңістікте емін-еркін жүре алғандығын, далалықтар үшін шежірешілдік, тарихи зерде – өмір сүрудің маңызды құралына айналған қажеттілік екенін айтқан.

Мәселен, «Құпия шежіреден» мына бір мысалды келтіруімізге болады. «Құпия шежіренің» 156-бабында: «Шыңғыс хан Есүй мен Есүгей екеуінің ортасында үй сыртында сусын ішіп, демалып отырған кезде Есүй қатты күрсінді. Бұл күрсіністен Шыңғыс хан секем алып, Мухулай мен Боорчи екеуін шақыртып, сол маңдағы халықты өз руларымен топтастыруға бұйрық береді. Негізгі талап – ешкім өз руына бөтен адамды қоспау» – еді. Әрбір ру топтасқан сәтте ешбір руға қосыла алмай бір жігіт русыз қалады. «Қай рудансың?» деп сұраса: «Татармын. Ұлы Череннің күйеу баласы едім, қызы Есүйді алған едім. Жаудан қашып, ел арасында ешкімге танылмай жүрем деп ойлап едім» – деп ұсталады (Дамдинсүрэн, 1990: 257).

Бұл Шыңғыс хан кезеңіндегі рулық дифференциацияның тәртіптік көрсеткіші. Ру ішіндегі бөтеннің оңай ұсталуы қоғамда құрылымдық жүйе, тәртіп, реттіліктің сақталғанын, ру, тайпалардың туыстық қатынастарын көруге болады. Бұл жүйенің дәстүрдің кілті шежірешілдік болып табылады. Шежіренің әдеттегі қарапайым жүйесі мен талабы елді этникалық тұтастыққа ұйытып отырған. Шежіре ұрпақтарды сабақтастырушы құрал. Көшпелі ру, тайпалардың қалыптасу жолы, мақсат-мұраты мен құндылықтарын келесі ұрпақ буындарына беріп, олардың рухани құндылықтарының сақталуын, әлемді тану, ойлау, бейнелеу тәсілінің жетілуіне ықпалы еткен. Сонымен қатар, қарым-қатынас құралдарының маңызды бөлігін құрайды. Өйткені, кез-келген түркі, көшпелі бір-бірімен кездесе қалған сәтте ру жөнін сұрасып, туыстық қатысын бағамдайды.

«Құпия шежіре» XIII ғасырда жазылып, Қытайда сақталып, бізге бертін XX ғасырда жеткенмен, бұл шежіреге енген сан түрлі ақпараттар көшпелі халықтардың көкірек жадында сақталып, соңғы ғасырларға дейін түрлі әдеби нұсқада айтылып келді.

«Құпия шежіренің» зерттелуі

1368 жылы Юань мемлекеті (моңғолдардың құрған) құлаған соң қытайлардың құрған Мин мемлекеті тұсында моңғолдар туралы зерттеу ісі жүргізіліп, моңғол тілін үйрену қолға алынады. XIII-XIV ғасырда моңғолдардың айтылуы бойынша қытай иероглифімен дыбысталып жазылған түпнұсқада әрбір сөздің тұсына қытайша аудармасы (тұстық аударма) жазылумен қатар, әр баптың астына қысқаша жалпы мағынасы (жалпылай аударма) қытай тілінде жазылған. Бұл іс – «Құпия шежірені» қытайлар тарапынан зерттеудегі алғашқы әрекет. Шежіренің қытай иероглифімен дыбысталған нұсқасы үшінші император Юнленің (1403-1425) тұсында 20877 бөлімнен тұратын «Юнленің ұлы ереже кітабы» (Юнле да дянь) жинағының 5179-5193 беттерін қамтып енгізілген.

«Құпия шежіре» тарихи құжат ретінде император Инзун (1457-1464) тұсында оның арнайы бұйрығымен 1461 жылы Пэн Ши, Люй Юань, Ли Шянь атты тарихшылары Ұлы Мин мемлекетінің географиялық сөздігі («Дай Мин и түн жи») кітабын жазу үшін «Құпия шежіредегі» ақпараттарды негізге алды. Ол кітапқа Орта Азия жерінің жер, су атаулары туралы ақпараттарын енгізген. «Құпия шежіредені» Мин мемлекетінің тағы бір топ шежіреші, тарихшылары Ван Чи (1607), Лин Джи (1559) хандар тарихы, жағрафиялық еңбектерін жазуда қолданған (Төмөрбағана, 2011: 248).

Ал Еуропа зерттеушілеріне «Құпия шежіре» Чин династиясы астанасы Бейжіндегі (Пекин) қытайтанушы, діндар, орыс ғалымы Пётр Иванович Кафаров (1817-1878) арқылы танылды. П.И. Кафаров қытайдың негізгі шежірелерін зерттеп жүрген кезінде, бұл шежірені орыс тіліне аударып, «Старинное монгольское сказание о Чингис хане» атаумен 1866 жылы (Палладий, 1866: 258) «Бейжіндегі орыс діни өкілдері мекемесінің еңбектеріне» жинағына енгізіп, жарыққа шығарған болатын.

«Құпия шежіренің» аудармалары көп. Қытайша аудармаларын айтпағанда, француздық П. Пелиоттың аудармасы (1920), орыс ғалымы С.А. Козин аудармасы (1941), неміс ғалымы Хениш аудармасы (1931), жапондық ғалымдар Ширатори, Ивамура аудармалары (1911-1915) біршама беделге ие болған.

Шыңғыс хан туралы әлемдік дәрежедегі әдеби, ғылыми еңбектердің бәрі «Құпия шежіредегі» мәліметтерге сүйеніп жазылған. Әрбір халықтың жазу өнері өз ана тілінің ғана ерекшеліктеріне сай құрылғанмен көп жағдайда дыбыс дәлме-дәл белгілене бермейтін заңдылығын ескерсек, қытай тілінің иероглифі бойынша түркі тілінің фонетикалық ерекшеліктері жуық шамасында таңбалаанады деген сөз. Сондықтан ғалымдар арасында әсіресе ұғымдарға келгенде түрлі даулы мәселелер туындап жататыны қалыпты жағдай (Шамахай, 2020: 33).

«Құпия шежіредегі» генотеизм (салыстырмалы талдау)

«Құпия шежіренің» онтологиялық қыры оқиға және факт негізінде өз заманындағы көшпелі тайпалардың алғашқы «пайда болу», «туындау», «құрылу» ұғымдарымен беріліп, олардың әрі қарай өсіп-өну, туыстық қатынаспен таралу, жетілу, сабақтасу формалары арқылы көрініс табады.

Мысалы шежіредегі ең негізгі генеалогиялық түзілім Шыңғыс ханның арғы тегі Бөрте-Чинодан басталады. Оның кім болғандығы туралы мәлімет жоқ. Бірақ Рашид-ад-диннің «Жамиғ-ат тауарих» еңбегінде Бөрте-Чиноның Ергенеқоннан шыққаны, Шыңғыс ханның 22-ші бабасы екендігі айтылады.

Ғұндардың құрған мемлекеті ыдырағаннан кейін Түрік қағанатына дейінгі көк түріктердің 450 жылды қамтыған, түркі халықтарының тектік тарихи деректерін жырлаған «Ергенеқон» дастаны бар.

«Ергенеқон» атты дастанның қысқаша мамұны бойынша ерте заманда Көк түріктер жерін Иль атты хан басқарады. Көрші отырған ел соғыс жариялап, ол шайқаста түркі әскерлері жеңіледі. Иль ханның кенжесі Қаян мен Тоғуз атты жиендері аман қалып, тұтқынға түседі. Бір күні ол екеуі әйелдерімен қашып шығып, төрт түлік малдың әрқайсысынан бір жұптан жинап, ұзақ жылдары бойы малға, жанға жайлы жер іздеп жүреді. Олар яғни түркілер күндердің күнінде айналасын биік таулар қоршап тұрған, өзендері, орман, көлі, бау-бақшасы бар ғажап жерге келіп қоныстанады. Ол жерге «Ергенеқон» деген атау береді.

Дастан оқиғасын ары қарай қысқаша өрбітсек, Қаяннан туған Қаят, Тоғуздан тарап өрбіген қаят, түргеш тайпаларының пайда болуы, ұрпақтарының көбейіп, төрт жүз жыл ішінде, Ергенеқонға сыймайтындай үлкен халыққа айналуы, осы Ергенеқонның әміршісі, батыры Бөрте Шене бір күні халқын жинап, байырғы ата-баба жерінде отырған табғаштарды қуып, кегін әрі жерін қайтаруға үндеуі, батыр Бөрте Шене сөзі халықтан қолдау табуы, биік тауларды өтуде көштің тұйыққа тірелгені, темірші ұстаның жетпіс түйенің терісінен алып көрік жасап, темір балқытып, көмір жағып, тауды ерітіп жол салғаны, сол жолмен керуеннің өтуі, сөйтіп атамекенге жеткені, табғаштардан кек қайтарғаны, «Түрік қағанатын» құрғаны, кейін сол Ергенеқоннан шыққан күннің құрметіне бола наурыз тойлауды үрдіс қылғаны жырланады.

Грек, қытай, иран тарихшылары ұсынған аңыздар бойынша, ғұндар бір шайқастағы жеңілісте түгел қырылады. Бірақ аман қалған бір баланы жау әскерлері көл жағасына тастайды. Тастанды баланы бір бөрі асырайды. Бөрі кейін баланы Алтай тауына апарайды. Сол баланың өскен жері Ергенеқон деп аталыпты-мыс. Ол баладан бөрінің ұрғашысы он ұл туады. Бөріден туған он ағайындының бірі, батыр – Ашина болып табылады.

«Кұпия шежіреде» Ергенеқон туралы жазылмаған. Бірақ ерлі-зайыпты Бөрте-Чино, Гоа-Марал теңізден өтіп өзге елден келгендігі жазылған (Дамдинсүрэн, 1990:25). Бұл Бөрте-Чино Шыңғыс ханның шежіресін бастап отырған алғашқы ата-тегі. Яғни, Шыңғыс ханның ата-тегі осы бөрте-Чино деген атасынан тарайды. Дегенмен ежелгі түркі халықтары арасында танымал аңыз тұлғаның аты да – Бөрте Шене болып тұр. Жоғарыда айтылған «Ашин» сөзі қытайша «бөрі, қасқыр» мағынасын берсе, «Чоно» сөзі моңғолша дәл солай «бөрі, қасқыр» мағынасын береді.

«Ашин» атты билеушінің өмірде болғанын тарихи деректер растайды. Мысалы, бір деректе: «Тобалар яғни табғаштар Солтүстік Қытайды жаулаған кезде, жеңілген тайпалардан бес жүз шаңырақ Ашин атты руы болған. Ашин Хэсиді билеп тұрған Хүн князі Муғанға бағынған. 439 жылы Хұндар жеңіліп, Хэси Вэй империясына қосылған кезде, Ашин атты батыр «бес жүз үйді ертіп жужандарға қашып барады. Олар Алтай тауының

күнгеіне қоныстанады. Олар жужандарға темір өндіріп беретін (Гумилев, 1994: 478) – делінген. Кейбір аңыздарда: «Бөрте – Чино атты батыр Тибеттің Алтын ханының кенже ұлы болған, ағаларымен араздасып, уәзірі хан әкесін өлтіргендіктен бөтен елге қашып келгендігін айтады (Пүрэвдорж, 2016: 463).

Ашин әулетінің таудан түсіп келгені туралы VII-IX ғасырдағы «Тан-шу», «Бей-ши», «Чжоу-шу», жылнамалары, IX ғ. Тибет дереккөздері, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбалары, Бирунидің шығармаларындағы тау үңгірінен шыққан түріктердің мемлекет құруы тәрізді мәліметтерден көруге болады.

Ғалым Ә. Марғұлан осы дәуір оқиғалары жайында: «Үш ғасыр бұрын – Қытай ғұндарға қарсы соғыс ашып, алты жүз жылдан кейін оларды қиратып бітірген. Еркіндікті құптайтын ғұндар Алтай тауы, Жетісу төңірегіне жиналып, суармалы егін, тау-кен шаруалармен айналысады. Темір, алтын, мыс қорытып шығарады..., 350 жылдан кейін ғұндар көтеріліп, 6 ғасырдың ортасында Түрік қағанатын құрды», – деп жазады (Марғұлан, 1985: 368).

Егер көшпенділердің көне есебімен бір ғасырда алмасатын ұрпақтың санын төртеу десек, Шыңғыс ханның 22 ата-бабасының ең біріншісі 550 жыл бұрын өмір сүргенін көрсетеді. Осы кезді Шыңғыс хан дүниеге келген 1161 жылдан шегерсек, б. э. VI-VII ғасырымен тұспа-тұс болады. Тарихта бұл Түркі қағанаты дәуірінің басталуы. Шежіренің, генеалогиялық тізбектің шындыққа қаншалықты қатысты екені осы тұстан көрінеді (Шекен, 2013: 149).

Қай жағынан алып қарасақ та, Эргенеқон тауында өмір сүрген Көк Тәңіріге сиынған Түркеш, Қаяттар тайпаларының әміршісі Бөрі-Шино және Шыңғыс ханның «Құпия шежіресінде» айтылатын Бөрте-Чино екеуінде ұқсастық бар.

«Эргенеқон» дастанында айтылатын батыр Бөрте Шененің халыққа арнауын кейінірек Түрік қағанаты кезіндегі «Күлтегін» жырында жалғасын тапқанын байқаймыз. «Эргенеқон» дастанының идеясы – халыққа құтты қоныс, бақытты өмір іздеу болса, бұл сарын араға біршама ғасырлар салып, Асан Қайғы жыр-толғауында қайталанатын.

Сапаның санға өту заңдылығын ескерсек, заттың сапасы өзгерсе, ол басқа затқа айналады, бірақ сандық өзгерістер сол заттың табиғатын бұзбай, біршама деңгейге дейін сақталуы мүмкін. Орта ғасырлық философияда сапа заттардың ішкі сыры ретінде мәңгі, өзгермейді деп түсіндірілді. Демек, «Құпия шежіреде» Шыңғыстың арғы ата-бабасы – Бөрте-Шене, одан кейінгісі Қабыл қаған, Есүгей батыр ары қарай Шыңғыс хан және оның мұрагерлерін қоссақ, Г.Гегель айтқандай, бұл «сапаның» біршама уақытқа дейін сақталғандығы болып табылады. Жалпы адамзат тарихында хандық билік ақсүйектік, мұрагерлік дәстүрмен ғасырлар бойы генеалогиялық сабақтастығын үзбей келгенін байқауға болады.

Философиядағы сапа ұғымын шежіреге қатысты айтсақ, қазақ дүниетанымында «тектілік» ұғымы бар. Көшпелі халықтарда адам тектілігін анықтау үшін шежіреге сүйенетін болған. Қандай да бір қырынан аса өнерлі, батыр, мықты адамның дарын, қасиетін кейінгі ұрпақ бойынан іздеген. Бұл тұста ғалым Ә. Қодардың пікірі: «... діндер көбінесе дамудың емес, керіс-жанжалдың, қарсы тұрудың, тіпті, ғасырларға созылған соғыстың себепкері болған. Ал тәңіршілдікте діни кітабы болмағанымен, тектілік болған. Жалпы, тәңіршілдік – Тектілік философиясы, мұндай дінді генотеизм дейді, яғни өз шығу тегінді, нәсілінді, ата-бабаңды сыйлау. Сондықтан құдайдың өзі мұндайда тек құдыретті

баба ретінде елестейді. Мұнда жарату емес, тұқым тарату идеясы басым. Сондықтан тәңіршілдіктің басты құралы шежіре мен ата-баба даңқын арттырушы эпос» – деп нақтылай түседі (Әуезхан, 2015). Иә, тектілік философиясының негізгі құралы шежіре, эпос екендігі ақиқат.

Кесте 1

«Құпия шежіре» бойынша Шыңғыс хан тегі

Шыңғыс хан тегі	
Түпнұсқа, латын әрпіндегі нұсқасы /моңғолша атауы/қазақша атауы	
1. Borte-Cino/Бөртэ-чино/Бөрте-бөрі	12. Dobun-Merkan/Добу мэргэн/Добұн мерген
2. Bata-čiqan/Батцагаан/Батшаған	13. Bodončar/Боданчар/Бодыншар
3. Тамаča/Тамача/Тамаша	14. Qabiči-Baatur/Хабич батыр/Қабыш
4. Qoričar Merkan/Хоричар мэргэн/Қоришар мерген	15. Menen-Tudun/Мэнэн туды/Менін-тұдын
5. Aujan-Boroul/УужимБуурал/Ужым-бурыл	16. Qači-Küluk/Хачи хүлүг/Қашы-күлік
6. Sali-Qačau/Саль-Хачау/Сэл-қашау	17. Qaidu/Хайду/Қайду
7. Yeke-Nidun/Ихнүдэн/Икінүдін	18. Bai-singor/Байшинхор/Байшынқор
8. Sin-Soči/Шинсочи/Шинсоши	19. Tunbinai-Sečen /Тумбинай сэчэн/Тұмбинай
9. Qarču/Харчу/Қаршу	20. Qabul-qaqan/Хубул хаан/Қабуыл қаған
10. Borjiqidai-Merkan /Боржигидай мэргэн/ Боржығыдай мерген	21. Bartan-Baatur/Бартан баатар/Бартан батыр
11. Togoqoljin-Bayan/Торголжин баян/ Торғылжин бай	22. Yesukai-Baatur/Есүкей баатар/Есүке батыр
Ескерту – Әдебиет негізінде жасалған: (Дамдинсүрэн, 1990: 25-34; 27, 203-209; 48; 26-32).	

Бұл кестеде көрсетілгендей, Шыңғыс хан тегінің 22 аталық тізбегі бойынша олардың атақ-дәрежелері *мерген, шешен, батыр* дегендей қоса берілген. Осы тіркелген атақтары Шыңғыс хан ата-бабаларының тектілігін, ақсүйектігін көрсету үшін берілгендігі анық.

Егер сапа заттың қасиеттерінің жиынтығымен анықталса, қасиет заттың өзге затпен қатынасқа түскендегі сапасының көрінісін айтамыз. Екінші затпен байланысқанда оның басқа қасиеттері көрініс табады. Сапа ұғымын терең меңгерген көшпелілер бұл шежіреде Шыңғыс хан ата тегінің «сапалық қасиетін», атақ-дәрежесін қосып беріп отырған.

«Құпия шежіреде» моңғол сөзіне түсініктеме берілмеген. 52-баптан бастап былай ескеріледі: «Барша моңғолды Қабыл қаған басқарып тұрған. Қабылдан кейін, оның жеті ұлы болғанына қарамастан, Сеңгүн көсемнің ұлы Амбығай барша моңғолдың қағаны атанды (Дамдинсүрін, 2009: 32). Кейбір моңғол зерттеушілерінің айтуынша ол 1094-1148 жылдар аралығында өмір сүрген. Амбығай хан Нирун-моңғол тайпаларын қосып, Моңғол ұлысын құрған. Сонымен қатар, тарихи зерттеулер бойынша Шыңғыс хан 1206 жылы Ұлы Құрылтайда өзі құрған мемлекетін «Моңғол» атады дейді.

Шыңғыс хан туралы жазылған өзге ортағасырлық шежірелерде немесе зерттеушілер тарапынан моңғол деген атауға түсініктеме бергенін кездестіруге болады. Л.Н. Гумилев: «Моңғол» тайпалық атауына қатысты екі пікір бар: 1. Ежелгі мэн-гу тайпасы Амурдың төменгі ағысында өмір сүрген, бірақ сонымен бірге Шығыс Забайкальде өмір сүрген татар тұқымдарының бірі осылай аталған. Шыңғыс хан Забайкал мэн-гудан шыққан, сондықтан татарлардың қатарына жатады; тек XIII ғасырда қолданылған «моңғол» атауы қытайлық «мен-гу» таңбаларынан шыққан, бұл «көнеден алу» дегенді білдіреді. Бұл академик В. Васильевке тиесілі гипотеза жалпыға бірдей танылмаған. 2. Тайпалық атауы «Мэн-гу» («моңғол»), өте ежелгі тарихы бар, бірақ дереккөздерде өте сирек кездеседі (Гумилев, 2019: 346).

Ғалым Х. Қожа-Ахмет ортағасырлық қытай деректерінде кездесетін «моңғол» сөзі түркі жазуларында кездесетін «бенгу» сөзінен пайда болғанын алға тартады. Күлтегіннің ескерткішінің кіші жазбасының 11 – жолында: Сөзімді мәңгі тасқа қашадым. 12 – жолында: «Бұны көріп білгің, мәңгі тас»; Х.Қожа-Ахмет «бенгу» сөзін XI ғасырда жазылған М. Қашқаридің еңбегінен *menyu* – мәңгі деген түсіндірмесін тапқан. Әдетте «б» және «м» әріптері кей жағдайда орындары ауысуы қалыпты жағдай деп таниды. Түркі сөздігінде *bengi* сөзі «мәңгі» деген мағынаны білдіреді (Қожа-Ахмет, 2013: 346). Оның үстіне, ғалым, Татарстан ғалымы Р.Н. Безертиновтың «Ғаламды дүр сілкіндіруші – татарлар, түріктер» атты еңбегінде айтылғандай: «Орда ақырындап түріктердің «хандық» деп атаған елге, мемлекетке айналды. Хандық біртіндеп қағанатқа қосылды. Түріктер өз мемлекеттерін Эль, Иль атады. Бұл атау орда, конфедерациядан гөрі тұрақты атау болды. Сондықтан да түріктер өз мемлекеттеріне «Мәңгі Ел» деген атау берді. Әрдайым ордаға бірігу қажеттілігі, мемлекет құру ары қарай түріктердің негізгі елдік идеологиясын жасады. Бұл «Мәңгі Ел» идеологиясының сәулесі барша түркі әлемінің тарихын тесіп өтті. Осы идеологияның арқасында олар әлемде небір империялар, хандықтар құрды», – (Қожа-Ахмет, 2013: 13) деген.

Рашид ад-дин жазған шежіре бойынша Алынша Түріктің төртінші ұрпағы. Алыншадан егіз ұлдар – Моғол мен Татар дүниеге келген (Рашид ад-дин, 1952: 53). Олардың кейінгі ұрпақтары өздерін Монғолдың және Татардың әулеттеріне жатқызатын болған. Шығыстанушы, британдық ғалым Лэн-Пуль Стенли айтқандай, тайпалық одақтар арасында жоғары мәртебеге жеткен Монғол атты тұлға болған. Сол көсемнің құрметіне өздерін соның әулетіне жатқызып, есімін иеленгендер еді (Стенли, 2004: 312). Монғол деген кісінің есімі шежіреден берік орын алған тарихи тұлға.

Сондай ақ, бұл тарихи құжаттар бойынша моңғол және түркілердің арғы тегін бір етіп Яқұптан таратылған. Діни аңыз бойынша Яқұпты Нұқ пайғамбар шығысқа жіберген. «Барша моңғолдар және түркі тайпалары, көшпелілер түгел содан тарайды. (Рашид ад-Дин, 1952: 80). Шыңғыс ханның ата-тек шежіресін тарқатарда тағы былай деген: «... моңғол тайпалары түркі тайпаларының жалпы топтарының бірі болды, олардың келбеті мен сөйлеуі бір-біріне ұқсас. Бұл халықтың барлығы өз ұрпағын Булжа хан (Абулжа хан) деп аталатын және түркі тайпаларының ортақ атасы болған Нұқ пайғамбардың ұлы Яфестен алады» (Рашид ад-дин, 1952: 153).

Рашид ад-Диннің: «Найманы, жалаиры, онгуты, керейты и другие племена, которые имели каждое свое определенное имя, называли себя монголами из желания перенести

на себя издревле носящими это имя, чего в действительности не было» «Наймандар, жалайырлар, оңғұттар, керейттер және басқа да тайпалардың өздерінің жеке есімдері бар болғанына қарамастан өздерін моңғолдар деп атады. Олар ежелгі дәуірден бері бұл іс жүзінде жоқ осы атауды алып жүрді» (Рашид ад-Дин 1952:75).

«Құпия шежіренің» 203 – бабында Шыңғыс хан Шеге Құтлыққа:

Гүр елінің ұрысын құрт!

Өтірігін тый!

Өлтіруге тиісін Өлтір,

Құртуға тиісін Құрт! – деп, оны Гүр елінің бас биі етеді. «Ел дәулетін бөліске салып, арыз, шағымын шешіп, көк дәптерге тіркеп, жазып, сақта! Шеге Құтлықтың менімен ақылдасып шешкен шешімдерін, жазып сақтаған жазбасы ұрпақтан ұрпаққа жетсін, ешкім өзгертпесін!» – (Дамдінсүрін, 2009: 139) деп жарлық етеді. Шыңғыс ханның қойған бұл талабын орындап, кейінгі мұрагерлері өзгертпеді, сақтады. Сондықтан да болар, кейінгі жазылған шежірелерде толықтырылғаны болмаса жалпы негізгі маңызды ақпараттар өзгеріссіз түскен. Шыңғыс хан туралы шежірелердің бәрінде өзара ұқсастық, үндестік, бірізділік байқалады.

Моңғолдың шыққан тегі туралы ғалым Қ.Салғараұлының тұжырымы бойынша моңғолдардың тегін – түрік дегенді және бұл XIII ғасырдың өзінде ел-жұрт мойындаған қалың елге белгілі, еш талассыз шындық екенін айтады. «Егер сол тұстың өзінде олар өздерін түбі бір түрік екенін мойындамаған болса, онда сол моңғолдың атақты, шежірешісі, тарих білгірі, Болд-Чансан бастаған зиялылары өздерінің басқарып отырған түрік тайпаларын бір атадан яғни, Абулджаның ұрпағы етіп жазып, көрсетіп, өз тарихын бұрмалауға бастылы жетпес еді» – дегенді айтады (Салғараұлы, 2013: 104).

«Құпия шежіренің» өзінен кейінгі мәдени сабақтастығы

«Құпия шежіреге» енген шежірелік ақпараттар ғасыр аралап Орта Азияда таралған Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтарының мұрагерлігіне, арғы аталас туыстарының саяси өмірде өз орындарын табуына, мұрагерлердің өз шежірелерін жалғастырып жазуына ықпалын тигізді. Сонымен қатар өзге де тарихшы, ғұламалардың еңбектеріне тікелей немесе жанамалық түрде негіз болғандықтан «Құпия шежіренің» сюжеттік негіздері Орта Азия халықтарының ауызша және жазбаша тарихында кеңінен таралды. Атап айтсақ, А.Жувәйни жазған «Тарих-жаһангушай» (Әлемді басып алушының тарихы) (1252-1260), Юань әулетінің ресми тарихы (1362-1369, парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің үш томдық Жамих-ат-тауарих (1311) еңбегі, Ақсақ Темір әулетінен шыққан Бабырдың «Бабырнамасы» (1530), Ұлықбектің «Шаджарат әл атрак», авторы беймәлім «Му'изз әл-ансап және Салатин моғол, Сұлтандар шежіресі», Өтеміс қажының «Шыңғыс-нама» еңбегі (16 ғасыр), «Алтын тобчы» (, «Көк дәптер», «Тауарих-и гузиде-и нусратнама» (Жеңіс кітабынан жинақталған жылнама), «Шайбанинаме» Камал әд-дин Бинаи (1453-1512) жазған «Футухат-и-Хани» еңбегі (15-16 ғ. басы), Әбілғазы Бахадүр ханның «Түрік шежіресі» (1665), «Шаджара и-таракима» еңбектері, Қадірғали Жалаиридің «Жылнамалар жинағы» (XVI ғ.), Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» т.б.

«Құпия шежіренің» сабақтастығын үш кезеңге бөліп анықтасақ болады:

1. «Құпия шежіреден» бұрын жазылған сабақтас деректер YI-XIII ғғ.
2. Шыңғыс хан заманында жазылған сабақтас шежірелер XIII ғасыр;
3. Шыңғыс хан заманынан кейінгі жазылған сабақтас шежірелер XIV – XX ғғ.

Шыңғыс ханның шежіресі мен империя құрудағы тарихи оқиғалары туралы шығармалар көп. Бірақ өз заманында қағазға түскен ортағасырлық шығармалардың жөні бөлек. Олар:

1. 1240 жылы жазылған «Құпия шежіре».
2. Лу. Алтын тобчы. (1926 жылы табылған).
3. 1252-1260 жж. А.Жувейни жазған «Жихангер тарихы».
4. 1362-1369 жж. Юань – ши. Юань әулетінің тарихы.
5. 1300-1311 жж. Рашид-ад-диннің Жамих-ат-тауарих (Жылнамалар жинағы).
6. Батыс жиһангерлерінің еңбектері (Карпини, Рубрук, Марко Поло).

Жалпы Шыңғыс ханның арғы және бергі тарихының ең алғашқы нұсқасы «Құпия шежіре». Кейінгі шежірелер «Құпия шежіремен» сюжеттері жағынан үндес болғанмен, «Құпия шежіреде» айтылмаған беймәлім деректермен таныстырады. Бұл мәліметтер өз кезегінде кейінгі дәуірлерде мұрагерлері тарапынан сабақтасып жазылған шежірелердің тектік тарихын тарқатуда және адамгершілік, рухани өнегелік үлгілердің, өсиеттердің сабақтасуына негіз болды.

«Құпия шежіреде» тайпалар арасындағы ішкі оқиғалар кең қамтылғанмен, Шыңғыс хан әскерінің өзге мемлекеттерге шабуылы қысқа жазылған. Бұл шежірелердің ішінде Шыңғыс ханның және ол құрған империя туралы жан-жақты толық көлемде екі еңбек ғана қамтып отыр. Олар: жоғарыда айтылған «Жылнамалар жинағы» (Рашид-ад-дин) мен «Жихангердің тарихы» (А.Жувейни). Әсіресе, «Құпия шежіреде» қысқа жазылған оқиғалардың толық нұсқасы Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» шежіресінен табылады.

Жоғарыда аталған ортағасырлық еңбектерге қысқаша тоқталар болсақ:

Парсылық тарихшы Ата-Мәлік Жувәйни (1226-1286) «Тарих- жаһангушай» (Әлемді басып алушының тарихы) атты үш томдық еңбек жазған. Бұл еңбекте Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария өңірінің 12-13 ғасырлардағы тарихи сыртқы саясаты, Шыңғыс хан империясының түркі, моңғол тайпалары туралы мол деректер келтірген. Ата-Мәлік Жувейни, Хорасандағы Жувейн өңірінде 1226 жылы дүниеге келген жастайынан әкесі қызмет еткен Хорасанның моңғол билеушілерінің қызметінде болған. Ол бірнеше рет Моңғолияға, Ұйғырияға және Мавераннахрға барды. 1226 жылдан бастап Хулагу ханның қызметінде болды, ол оны 1259 жылы Бағдад, Ирак және Хузистан губернаторы етіп тағайындады. Бұл қызметте ол 1282 жылға дейін Абака ханның қол астында болды, Оның «Әлемді жаулап алушының тарихы» – «Тарих-и-джехангуша» шығармасы 1252-53 жылдары басталып, 1260 жылы аяқталды. Моңғол жаулап алуларының тарихын жазу үшін Джувейни ауызша әңгімелерді қолданды, XIII ғасырдың екінші ширегіндегі көптеген оқиғалар оған ресми құжаттардан белгілі болды және көптеген адамдарға жеке қатысты. Джувейнидің жазбаларын Рашид ад-Дин, содан кейін Джувейнидің әңгімелерін жиі қайталайтын барлық дерлік парсы, араб және түрік тарихшылары қолданды.

Рашид ад-дин Фазуллах Хамадани (1247-1318) – XIII ғ. Хулагу мемлекетінің ғұлама ғалымы. Ол Шыңғыс хан ұрпағы илхан Газан сұлтаннан арнайы тапсырма алады. Тапсырма – моңғолдардың тарихын жазу еді. 1300-1316 жылдар аралығында «Тарихтар жинағы» атты шежірені жазады. Бұл «Құпия шежіренің» қытай көшірмелерінен бұрын жазылған көлемді шығарма. Рашид-ад-динге Шыңғысхан тарихын толықтыруға қосымша ақпараттарды «Құпия шежірені» жақсы білетін Болд Чинсан деген қария көмектескені тарихта қалған.

Моңғол хандығына алғашқы еуропалықтардың саяхаттарының сипаттамасы:

1. Монах Джованни дель Плано Карпини Перуджиядан шыққан. Оның 1246-1247 жылдардағы саяхаты оның жазған «Біз татар атаған моңғолдардың тарихы» кітабында сипатталған.

2. фламанд Гильом де Рубрук 1253-1255 жылдары француз королі ІХ Людовик жіберген елшілікті басқарып Моңғолияға дала жолымен сапар шеккен. 1254 жылы Франциядан Палестина, Константинополь, Қырым, Дон, Орталық Азия арқылы моңғол империясының орталығы Қарақорымға келіп, қайтарда Кавказ, кіші Азияны басып өткен. Оның «Шығыс елдеріне саяхат» кітабында өзі барған аймақтардың географиясы, түркі халықтарының, қазақтардың ежелгі тайпаларының этнографиясы, тарихы сипатталған.

3. Италия саяхатшысы, венециялық көпес Марко Поло теңіз жолымен Қытайға жетіп, 17 жыл тұрақтаған. Моңғол ханы Құбылайдың қарамағында 15 жыл қызмет еткен. Оның 1271-1295 жылдардағы саяхаты, «Әлемнің әралуандығы туралы кітабында» жазылған.

Бұл жазбалар әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, көптеген зерттеулер үшін құнды ақпарат болды. Бұл кітаптар негізінен Азияның моңғолдары туралы еуропалық идеяларын қалыптастырды. Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін Батыс пен Шығыс арасындағы қарым-қатынас тарихының ең құнды дәлелдері болып қала береді.

Шыңғыс хан шежіресі қазақ ғалымы тарапынан алғаш рет Қадірғали Жалаири (1530-1605) арқылы қолға алынды десек болады. Ол қазақ халқының тарихында өзіндік із қалдырған тұлға. Қадірғалидың 1602 жылы жазып бітірген «Жылнамалар жинағы» еңбегі орта ғасырда қазақ тілінде жазылған алғашқы шығармалардың бірі. Бұл шығарма әу баста атаусыз табылған. Бірақ шығарманың екінші бөліміне Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағының» қысқаша аудармасы берілгеніне байланысты толық нұсқасы табылғанша уақытша «Жылнамалар жинағы» деп қойылғанмен әзірге осы атаумен қалды. Қадірғали бұл еңбекте ертедегі және одан кейінгі хандар дәуірін, әсіресе Шыңғысхан және оның әулеті, Шыңғыс ханнан бергі тақ мұрагерлері, қазақ ұлыстарынан шыққан хан әулеттер, бектер, сұлатандар, олардың ішкі және сыртқы саясаты, жаулармен күресі, шапқыншылығы туралы, Оғыздар мен Қарахан дәуіріне сипаттама береді. Сонымен қатар, Қыпшақ, Қаңлы, Сіргелі, Үйсін, Жалайыр, Арғын, Қоңырат, Керей, Найман, Алшын т.б. түркі тектес ру, тайпалардың ата-тегін тарқатып, ғылыми талдау жүргізген.

Шыңғыс ханның кейінгі ұрпақтарының бірі Хиуа ханы әрі зиялы тарихшы Әбілғазы Баһадүр ханы «Түрік шежіресі» («Шәджәрат ат-түрік») атты шежіресін 1663 жылы бастап Шыңғыс хан әулетінен өзіне дейінгі тарихты қамтып жазды. Кейін 1965 жылы баласы Ануша аяқтаған. Әбілғазы хан бұл еңбекті жазып жатқан кезде «Жамиғат ат тауарихтан» басқа Шыңғысхан туралы он жеті шығарманың болғанын айтады (Әбілғазы, 1991: 208).

Егер XVII ғасырда бір ғана Әбілғазы кітапханасында от жеті шығарма табылған болса, демек, басқа өңірдегі хандық, сұлтандықтардың қолында да өзге де кітаптар болуға тиіс. Олай болса, бұл кезеңнің өзінде Шыңғыс хан шежіресі ұрпақтары тарапынан жүйелі түрде сабақтастығын тапқанын байқауға болады. Тоғыз тараудан тұратын бұл еңбекте автордың жан-жақты сауаттылығы байқалады. Әбілғазы хан түркі, моңғол, араб, парсы тілдерін жетік білгендіктен жер-су, адам, ру аттарына этимологиялық талдау беріп отырған. Моңғол сөздерін түрікше түсіндіріп, парсы, араб, көне түркі сөздерінің мәнін ашып, түсіндірмелер берді. Кітаптың бірінші тарауында Құдай Тағаланың адамды қалай жаратқаны туралы; Екінші тарауда Шыңғыс ханға дейінгі хандар туралы; Үшінші тарауда Шыңғыс хан туралы; Төртінші тарауда Өгедей хан және т.б. хандар; Бесінші тарауда шағатай әулетінің Мәуереннахр мен Қашқардағы билігі туралы; Алтыншы тарауда Шыңғыс ханның кенже ұлы Төле хан ұрпақтарының иран жұртын билегендер туралы; Жетінші тарауда Дешті Қыпшақты басқарған Жошы хан әулеті туралы; Сегізінші тарауда Шайбани әулеті Қазақ, Қырым хандықтары мен Мауереннахрда билік құрғандар туралы; Тоғызыншы тарауда Хорезмді басқарған патшалар туралы шежіре өрбіткен.

Бұл шежірелердегі ортақ әңгіме Шыңғыс хан және оның тақ мұрагерлері мен аталас туыс әмірліктеріндегі хан, сұлтандардың тарихы, адамгершілік, өнеге боларлық аңызға айналған көркем сюжеттер болып табылады. Кейбір сюжеттер мәселен, «Құпия шежіредегі» Алун ана туралы (Дамдінсүрін, 2009: 139) аңыз-әңгіме Әбілғазының «Түрік шежіресінде» «Алаңқоның таңғажайып хикаясында», Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында» (Рашид ад-дин, 2018: 596) да кездеседі.

Осылайша Шыңғыс ханның шартарапта билік басында отырған ұрпақтары ықпалымен жазылған шежірелер арқылы «Құпия шежіремен» үндес шежірелер сабақтастығы түзілді. «Құпия шежіредегі» кейбір тым қысқа оқиғалар өзінен кейінгі шежірелерде кеңінен тарқатылып, толықтырылып отырды.

«Құпия шежіредегі» Шыңғыс ханның тегі Бөрте – Чино мен көктүріктер батыры Бөрте-Шене екеуінің тарихи құжаттар негізінде сәйкесуі мен ұқсастығы – біріншіден, олардың бір адам екенін, яғни, ауызша шежіреде генотеизм, генеалогиялық сабақтастықтың халық жадында сақталуын көрсетеді. Халық дүниетанымындағы сапаның ішкі элементі – тектілік ұғымы бойынша хандық билікте мұрагерлік қамтамасыз етілді. Екіншіден, «Құпия шежіредегі» ақпараттар XIII ғасырды түркілер заманымен байланыстырумен қоймай, ары қарай да шежірелік мәдениеттің ғасырдан ғасырға жалғасын тапқан сабақтастығын, өміршеңдігін көрсетеді.

Шежіренің тілдік ерекшеліктері

Тілді халықтың ұлттық санасы деп есептеу керек. Тіл – дыбысты ойдың көрсеткішіне айналдыратын рухтың әрекеті. Тілі арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, тарихын, мәдениетін түсінуге болады – деп философ Д.Кішібеков айтқандай, сөз қадірін білу – шығыс менталитетіне тән дәстүр. Сондықтан да болар, «Құпия шежіреде» сөз қадірі ерекше ескерілген. Сөз қадірін білу – шежіредегі түркі тайпаларының рухани келбетін білдіретін құбылыс деп есептейміз (Шамахай, 2020: 32).

Я. Шмидт, А.М. Позднеев, В.Я. Владимирцов сынды ғалымдар XII-XIII ғасырлардағы көне моңғолдың көркем тілінің негізі сол уақыттағы үлкен ұлыстар – наймандар мен керейлер тілі деген болжам жасайды. Э. Хейниш, Г.Д. Санжеев Н., Поппе, және т.б. қолдаған ғалымдар болды. Н. Поппе: «Жазба моңғол тілі алдымен керейтердің жазуы ретінде қалыптасты. Бірақ кейін барша Шыңғысхан империясы бойынша басымдыққа ие болды (Поппе, 1937: 196).

Моңғол ғалымы Ц. Дамдинсүрэн «Құпия шежіренің» аудармасын жасаған еңбегінің алғысөзінде: «Біз бұл шежіренің моңғолдың көне тілінен, байырғы харпінен көшіріп жазып, әрбір ұғынылуы қиын сөздерге түсінік бердік. Содан кейін түсініксіз ескі сөздер мен сөйлемдерді бүгінгі моңғолдарға түсінікті болатындай сөз, сөйлемдермен ауыстырып, қазіргі заманғы моңғол тіліне аудардық. Өйткені, моңғол тілінің 700 жыл бұрынғы қалпы бүгінгі қолданыстағы моңғол тілінен біршама басқаша ... (Дамдинсүрін, 2009: 216). дей келе, шежіредегі көптеген салт-дәстүрлер, терминдерге қазіргі моңғолдардың түсінуі үшін түсіндірме беріп отырған. Шежіренің §22-78 баптарында жиі кездесетін ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып келе жатқан салт- дәстүрлер, нақыл сөздер, өсиеттер, атап айтсақ: қалыңдық үшін қалың мал, төсек орын берілуі, сәукеле кию, құдаласудағы қыз айттыру, ата-баба әруақтарына ас беру, үйдің кенжесі шаңырақ иесі атану сияқты т.б. салт-дәстүрлердің түсіндірмелері қазіргі моңғолдар үшін ұмытылған дәстүр ретінде түсіндірілген. Бірақ сол арнайы түсіндіруді қажет еткен салт дәстүрлер мен терминдер қазіргі қазақтардың салт-дәстүрінде өзгеріссіз сақталған және қазіргі тұрмыста кеңінен қолданылады.

«Құпия шежіреде» жиі кездесетін сөздердің бірі – «отчигин» яғни «отшы» мағынасындағы сөз. Шежіренің 48, 60, 242, 243, 245, 255-баптарында темүген отшы, 190, 195-баптарында сәби ұлы отшы, 281-бапта «отшы бауыр», 257, 269, 280-баптарында «отшы ноян» атаулары бар. Моңғол ғалымы Г.Цэрэнханд түсіндірмесінде «отчигин» сөзі байырғы түркінің «от» деген сөзінен туындағанын айтады. Сонымен қатар, мағынасы байырғы моңғол дәстүрі бойынша үйдің кенже баласының «ошақ иесі» ретінде атауы деп түсіндірген (Шамахай, 2020: 65). Бірақ қазіргі моңғол тілінде от сөзінің аудармасы бұл сөзден алшақ, түбірі де сәйкес келмейтін «гал» сөзі болып табылады. Тек жұлдыз (од), шоқ (оч) сөздерінің аудармасы ғана жақын келеді.

Әрине, тілдің даму дәрежесі барлық халықтарда бірдей емес. Бұл тұста академик Д. Кішібековтың «Тіл – қатынастан, таңба – меншіктен, жазу – таңбадан» деген тұжырымына сүйенеміз. Тіл әр халықта әртүрлі дәрежеде дамыған. Ол оның тарихына, өндіріс тәсіліне, шаруашылығына, рухани өміріне, басқа елдермен қарым-қатынасына алыс-берісіне байланысты. Коммуникация күшейген сайын әрбір елдің тілінде интернационалдық тілдердің ара салмағы көбейе бастайды (Шамахай, 2020: 32). Шежіреде кездесетін негізгі ұғымдар қазіргі моңғолдар үшін байырғы, көне саналып, арнайы түсіндіруді қажет еткен болса, қазіргі қазақтар үшін әдеттегі қолданыстағы сөздер мен дәстүрлер екенін айта кеткен дұрыс.

Қорытынды

Ортағасырда шежіре өзінің әдеби, тарихи, діни, генеалогиялық т.б. синкреттілігімен Орталық Азия кеңістігінде тіршілік еткен түркі халықтарының мәдени өмірінде маңызды орын алып, танымдық ортақ үлгіге айналған. Өйткені шежіре әрбір көшпелінің әлемдегі өз болмысын анықтап, тайпалар арасындағы өз орнын табуға, қоршаған ортаны тануға бағыттайтын тәсілі қызметін атқарған. Осы тұрғыдан алғанда, «Құпия шежіре» – XIII ғасырдағы көшпелі халықтардың рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыстарына қатысты маңызды ақпарат болумен қатар, мәдени, рухани құндылықтар сабақтастығының шамамен VIII ғасырдан бергі көрінісін бере алған еңбек.

Бұл шежіре XIII ғасырдан бергі уақыт аралығында қаншалықты тарихи мәдени кеңістікті, қоғам формациясын бастан кешірсе соншалықты зерттеушілер назарын өзіне аударып келді. Атап айтар болсақ, Қытайдың Мин мемлекеті «XIV ғасырдың екінші жартысы) тұсында зерттеле бастауы; одан кейін Еуропа әлеміне танылуы (XIX ғасырдың екінші жартысы); көптеген әлем тілдеріне аударылуы (XX ғасырда); моңғол тіліндегі әдеби нұсқада аударылуы (XX ғасырдан бастап); қазіргі заман ғалымдарының репрезентациялары т.б. дәлел. Шежіренің бізге дейінгі атауының, мазмұнының өзгеруіндегі объективті және субъективті себеп-салдар нәтижесінде «Құпия шежіре» бір ғана ұлтқа тиесілі мұра ретінде бағаланып келді. Дегенмен біріншіден, шежіренің бастапқы ата-тегі Бөрте-Чино мен түркі халықтарының тарихындағы тұлға Бөрте-Шене батырын екеуінің аттары да, өмірде жасаған ерліктері, тарихи оқиғалары бірдей болғаны себепті, бір адам болу ықтималдығы басым екендігі, «моңғол» деген атаудың түріктерге қатыстылығы тарихи құжаттар негізінде нақтыланып отыр. Екіншіден, «Құпия шежіренің» кейінгі ғасырлардағы көптеген шежірелерге негіз болғандығына дәлелдер бар. Жоғарыда талданған аргументтер бойынша «Құпия шежіре» белгілі дәрежеде өз мотивін сақтап, сабақтастығын тапқандықтан «Құпия шежірені» Орталық Азиядағы түркі халықтарына ортақ мәдени мұра ретінде санауға негіз бар. Сонымен қатар, шежіренің аудармасы туралы қазіргі түрлі даулы пікірлердің, зерттеулердің орын алуына байланысты бастапқы түпнұсқасы бойынша түркі халықтарының ғалымдары тарапынан мұқият зерттелуі қажеттігі туындап отыр.

Авторлар үлесі

Шамахай С. – мақаланың негізгі идеясын қалыптастыру, зерттеудің мақсаты мен міндетін тұжырымдау, деректердің дұрыстығына байланысты мәселелерді дұрыс зерттеу және шешу, мақала мәтінін жазу, жұмыстың барлық аспектілеріне жауапты болу.

Божбанбаев Б.М. – мақаланың мәтінін жариялау үшін ғылыми редакциялау, оның соңғы нұсқасын дайындау.

Саркулова М.С. – жарияланымдарды шолу, деректерді жинау және жұмыс нәтижелерін талдау, талқылау, идеяға пікір қосу.

Әдебиеттер тізімі

- Артықбаев Ж.О. Қазақ шежіресі: ұлы дала тарихының қайнар көзі және тұжырымдамасы. – Астана: Фолиант, 2015. – 496 б.
- Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
- Әуезхан Қ. Тәңіршілдік және Авеста мәдениеті. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/12299>. (қарау уақыты 05.10.2015).
- Гумилев Л.Н. Древняя Русь и Великая Степь. – М.: Айрис-Пресс, 2019. – 736 с.
- Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 478 б.
- Дамдинсүрэн Ц. Монголын нууц товчоо. – Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1990. – 257 х.
- Дамдинсүрэн Ц. Моңғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / қаз. ауд. – Алматы: Өнер, 2009. – 216 б.
- Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 160 б.
- Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – Т. 1. – 591 б.
- Қожа-Ахмет Х. Заблуждение, длившееся восемь веков. – Алматы: Білім, 2013. – 346 с.
- Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985. – 368 б.
- Палладий К. Старинное монгольское сказание о Чингисхане или «Анекдотическое сказание о Чингис-хане» / пер. с кит. // В кн.: Труды членов Российской духовной миссии в Пекине. – СПб.: Типография В. Безобразова и комп., 1866 – Т. 4. – 258 с.
- Поппе Н. Грамматика письменного монгольского языка. – М., 1937. – 196 с.
- Пүрэвдорж Д. Монголын нууц товчоо, Монголын түүхийн сурвалж, Чингис хааны судлал, монгол хэл, монголын түүхийн өгүүлэл. – Улаанбаатар: «Содпресс» ХХК, 2016. – 463 х.
- Рашид ад-дин Ф.Х. Жамиғ ат-тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). – Астана: Фолиант, 2018. – Т. 1. – 596 б.
- Рашид ад-дин. Сборник летописей / пер. с перс. – М., 1952. – Т. 1. – 534 с.
- Салғараұлы Қ. Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс. – Алматы: Үш Қиян, 2013. – 172 б.
- Сейдімбек А. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре). – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 224 б.
- Стенли Л-П. Мусульманские династии / пер. В.В. Бартольд. – М., 2004. – 312 с.
- Төмөрбағана Б. Монголын нууц товчоон»-ы сурвалж бичиг бар хэвлэлийн судлал. – Улаанбаатар, 2011. – 248 х.
- Шамахай С. Құпия шежіре: мәдени-философиялық талдау: философия д-ры (PhD) 6D020100 – Философия маман... дис. Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы, 2020. – 147 б.
- Шекен Ж. Моңғолдың құпия шежіресі: фольклорлық әдеби негіздері: монография. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2013. – 149 б.

Сайра Шамахай, Бауыржан Божбанбаев, Манифа Саркулова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова, Алматы, Казахстан*

«Сокровенное Сказание» – культурное наследие кочевников Средней Азии

Аннотация. В статье на основе анализа «Сокровенного Сказания», памятника письменности XIII века, сделаны важные открытия относительно места, которое данный культурный текст

занимает в духовной культуре народов Центральной Азии, проанализированы пути, посредством которых он дошел до наших дней, раскрыт феномен преемственности. «Сокровенное Сказание» представляет собой генеалогию предков всемирно известного завоевателя Чингисхана, датируемую началом VIII века, продолженную в период его правления в пору жизни самого Чингисхана и завершенную в 1240 году при наследном принце Угэдей-хане. Ценность летописи заключается в том, что в ней содержатся подробные сведения о культурных, духовных, социальных, политических явлениях, имевших место в истории средневековых кочевых тюрков, их мировоззрении, межплеменных и родовых отношениях и властителях, правивших страной.

В статье исследованы внутренние связи в тексте «Сокровенного Сказания», контекстные элементы, связи эпических поэм-дастанов тюркских народов с историческими документами, ставшими источниками летописи. Генотеизм, первопредок Борте-Чино из «Сокровенного Сказания» рассматривается по аналогии с батыром Борте-Чино из средневековой истории тюркских народов. Важные сведения и информация из «Сокровенного Сказания» посредством наследников Чингисхана, правивших разными государствами Центральной Азии, легли в основу появления многочисленных генеалогий с аналогичным содержанием и мотивами. На основе изучения духовного наследия тюрков, живших в Великой Степи до и после появления Чингисхана, вопросов преемственности поколений, влияния на последующие летописи, «Сокровенное Сказание» оценивается как весьма ценный памятник, общее культурное наследие для народов Центральной Азии.

Результаты исследования показывают важность фундаментального изучения «Сокровенного Сказания» в контексте сохранения культурного наследия Центральной Азии. Статья акцентирует внимание на важности глубокого анализа подлинника данного памятника письменности, учитывая роль «Сокровенного Сказания» в формировании культурного мозаичного ландшафта казахов.

Ключевые слова: «Сокровенное Сказание»; генотеизм; тюрки; личность; культурное наследие; преемственность.

Saira Shamakhay, Baurzhan Bozhbanbaev, Manifa Sarkulova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan

«The Secret History» – the cultural heritage of the nomads of Central Asia

Abstract. The article presents the results of an analysis of the «The secret history», a monument of writing of the XIII century. It makes important discoveries regarding the place that this cultural text occupies in the spiritual culture of the peoples of Central Asia, the ways through which it has reached our days and the phenomenon of continuity. The «The secret history» is a genealogy of the ancestors of the world-famous conqueror Genghis Khan, dating from the beginning of the VIII century, continued during his reign during the lifetime of Genghis Khan himself and completed in 1240 under Crown Prince Ogedei Khan. The value of the chronicle lies in the fact that it contains detailed information about the cultural, spiritual, social, and political phenomena that took place in the history of the medieval nomadic Turks, their worldview, intertribal and tribal relations, and the rulers who ruled the country.

The article examines the internal connections in the text of the «The secret history», contextual elements, connections of epic poems-dastans of the Turkic peoples with historical documents that have become sources of the chronicle. Genotheism, the ancestor of Borte-Chino from the «The secret history» is considered by analogy with the batyr Borte-Chino from the medieval history of the Turkic peoples. Important information and information from the «The secret history» through the heirs of Genghis Khan, who ruled over various states of Central Asia, formed the basis for the appearance of numerous genealogies with similar content and motives. Based on the study of the spiritual heritage of the Turks who lived in the Great Steppe before and after the appearance of Genghis Khan, issues of succession of generations, influence on subsequent chronicles, the «The secret history» is assessed as a very valuable monument, a common cultural heritage for the peoples of Central Asia.

The results of the study show the importance of fundamental study of the «The secret history» in the context of preserving the cultural heritage of Central Asia. The article focuses on the importance of in-depth analysis of the original of this monument of writing, taking into account the role of the «The secret history» in the formation of the cultural mosaic landscape of the Kazakhs.

Keywords: «The Secret History»; genotheism; Turks; personality; cultural heritage; continuity.

References

- Artykbaev Zh.O. Kazak shezhiresi: uly dala tarihyryn kajnar kozi zhane tuzhyrymdamasy [Kazakh genealogy: the source and concept of the history of the great steppe]. (Astana, Foliant, 2015, 496 b.). [in Kazakh].
- Abilgazy. Turik shezhiresi [Turkish genealogy]. – Almaty: Ana tili, 1991. – 208 b. [in Kazakh].
- Auezhan K. Tanirshildik zhane Avesta madenieti [Divinity and Avesta culture]. Available at: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/12299>. (Accessed: 05.10.2015). [in Kazakh].
- Gumilev L.N. Drevnjaja Rus' i Velikaja Step' [Ancient Russia and the Great Steppe]. (Moscow, Ajris-Press, 2019, 736 s.). [in Russian].
- Gumilev L.N. Kone turikter [Ancient Turks]. (Almaty, Bilim, 1994, 478 b.). [in Kazakh].
- Damdinsurjen C. Mongolyn nuuc tovchoo [Mongolian Secret Bureau.]. (Ulaanbaatar, Ulsyn hjevljelijn gazar, 1990, 257 h.). [in Mongolian].
- Damdinsurin C. Mongoldyn kupija shezhiresi (XII-XIII gasyrlardagy koshpeliler shezhiresi) [The secret chronicle of Mongolia (chronology of nomads in the 12th-13th centuries)]. (Almaty, Oner, 2009, 216 b.). [in Kazakh].
- Kopeev M.Zh. Kazak shezhiresi [Kazakh genealogy]. (Almaty, Atamura, 1994, 160 b.). [in Kazakh].
- Kashkari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. (Almaty, Hant, 1997, T. 1, 591 b.). [in Kazakh].
- Kozha-Ahmet H. Zabluzhdenie, dlivsheesja vosem' vekov [A delusion that lasted eight centuries]. (Almaty, Bilim, 2013, 346 s.). [in Russian].
- Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar [Ancient songs, legends]. (Almaty, 1985, – 368 b.). [in Kazakh].
- Palladij K. Starinnoe mongol'skoe skazanie o Chingishane ili «Anekdoticheskie skazanie o Chingishane» / per. s kit. // V kn.: Trudy chlenov Rossijskoj duhovnoj missii v Pekine [An ancient Mongolian legend about Genghis Khan or «Anecdotal tales about Genghis Khan» / trans. from China // In the book: Proceedings of members of the Russian Spiritual Mission in Beijing]. (SPb., Tipografija V. Bezobrazova i komp., 1866, T. 4, 258 s.). [in Russian].

Poppe N. Grammatika pis'mennogo mongol'skogo jazyka [Grammar of written Mongolian]. (Moscow, 1937, 196 s.). [in Russian].

Purjevdorzh D. Mongolyn nuuc tovchoo, Mongolyn tuuhijn survalzh, Chingis haany sudlal, mongol hjel, mongolyn tuuhijn oгуулjel [Mongolian secret bureau, Mongolian history sources, Genghis Khan studies, Mongolian language, Mongolian history articles]. (Ulaanbaatar, «Sodpress» ННК, 2016, 463 h.). [in Mongolian].

Rashid ad-din F.H. Zhamig at-tauarih (Tarihtar zhinagy, XIV g.) [Jamigh at-tawarih (History collection, 14th century)]. (Astana, Foliant, 2018, T. 1, 596 b.).

Rashid ad-din. Sbornik letopisej [Sbornik letopisei]. (Moscow, 1952, T. 1, 534 s.).

Salgarauly K. Myngul men mongol zhane ush Shyngys [Myngul and Mongol and three Genghis]. (Almaty, Ush Kijan, 2013, 172 b.). [in Kazakh].

Sejdimbek A. Baltaly, Baganaly el aman bol (shezhire) [Baltaly, Baganaly el aman bol (shejire)]. (Almaty, Kazak universiteti, 1993, 224 b.). [in Kazakh].

Stenli L-P. Musul'manskie dinastii / per. V.V. Bartol'd [Muslim dynasty / per. V.V. Bartold.]. (Moscow, 2004, 312 s.). [in Russian].

Tomorbagana B. Mongolyn nuuc tovchoon»-y survalzh bichig bar hjevljelijn sudlal [Journalism and press research of the Mongolian Secret Bureau]. (Ulaanbaatar, 2011, 248 h.). [in Mongolian].

Shamahaj S. Kupija shezhire: madeni-filosofijalyk taldau [The Secret History: A Cultural-Philosophical Analysis]: filosofija d-ry (PhD) 6D020100 – Filosofija maman... dis. Al-Farabi atyn. KazUU. (Almaty, 2020, 147 b.). [in Kazakh].

Sheken Zh. Mongoldyn kupija shezhiresi: fol'klorlyk adebi negizderi [The Secret History of Mongolia: Folklore Literary Foundations]: monografija. (Karagandy, Bolashak-Baspa, 2013, 149 b.). [in Kazakh].

Information about the authors / Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах:

Шамахай Сайра – PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Shamakhay Saira – PhD, candidate of philosophical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan.

Шамахай Сайра – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Божбанбаев Бауыржан Муратбекович – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Панфилов к., 127, 050000, Алматы, Қазақстан.

Bozhbanbaev Bauyrgan Muratbekovich – associate professor, candidate of philosophical sciences, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, 127, Panfilova st., 050000, Almaty, Kazakhstan.

Божбанбаев Бауыржан Муратбекович – кандидат философских наук, доцент, Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова, ул. Панфилова, 127, 050000, Алматы, Казахстан.

Саркулова Манифа Стаболовна – философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Sarkulova Manifa Stabolovna – associate professor, candidate of philosophical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan.

Саркулова Манифа Стаболовна – кандидат философских наук, доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.